

Қаңбақты ауылдық округінің "Ақжар" ауылынан ұсақ мүйізді малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары енгізілуі туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 мамырдағы N 129 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 14 маусымда N 2-12-174 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 қыркүйектегі N 266 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011.09.27 N 266 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2011 жылғы 23 сәуірдегі N 54 және 25 сәуірдегі N 63 сараптамалары, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 248 ұсынысы негіздерінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаңбақты ауылдық округінің "Ақжар" ауылына ұсақ мүйізді малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ о н а қ б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Медеуов